

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және экономикалық проблемалар ғылыми орталығын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 18 шілде 1994 ж. N 802

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Гигиена және кәсіби аурулар ғылыми-зерттеу институтының, Кардиология ғылыми-зерттеу институтының және басқа да институттарының бөлімдері мен лабораторияларының базасында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және экономикалық проблемалар ғылыми орталығын ашу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Ғылым және жаңа технология министрлігімен келісілген ұсынысы қабылданын.

Орталықты ұйымдастыру ісі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне 1994 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарына белгіленген қаржы мен материалдық ресурстар және басқа да лимиттер мен нормативтер шегінде жүргізілсін.

2. Орталықтың ғылыми қызметінің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:

- республика халқының денсаулығын қалыптастырудың объективті заңдылықтарын зерттеу және анықтау;

- аурудың алдын алудың ғылыми айқындамасы мен стратегиясын жасау;

- мемлекеттік денсаулық сақтау ісін дамытудағы басым бағыттарды анықтау және медициналық-экономикалық стандарттар жүйесін әзірлеу;

- денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру мен ресурстық қамтамасыз етудің жаңа нысандарын ғылыми негіздеу;

- денсаулық сақтау саласын басқарудың осы заманғы жаңа тәсілдерін әзірлеп, енгізу

;

- медициналық сақтандыруды дамыту;

- жасалып жатқан ғылыми-зерттеу және мақсаткерлік кешенді бағдарламаларды әдістемелік, ақпараттық және статистикалық жағынан қамтамасыз ету;

- халықтың денсаулығын сақтау саласында республиканың халықаралық байланыстарын дамыту жөніндегі стратегиясын жасау.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және экономикалық проблемалар ғылыми орталығының құрылымын бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК